

Мемлекеттік қызметшілерді құқықтық білімге оқыту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 3 маусым N 75-ө

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 сәуірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте айтқан тапсырмаларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 13 Хаттамалық шешімінің 2-тармағының 3) тармақшасын іске асыру мақсатында:

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы министрліктерінің, агенттіктерінің және ведомстволарының мемлекеттік қызметшілері үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген кесте бойынша тиісті лекциялар топтамасын оқытатын
б о л с ы н ;

2) мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" U952370_ заң күші бар Жарлығын, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Z980233_ , "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Z980267 Қазақстан Республикасының Заңдарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзге де заңдарды білуін тексеру мақсатында министрліктер мен агенттіктер басшыларының орынбасарларын, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері басшыларын, басшыларының орынбасарларын өз базасы негізінде компьютерлік тестіден өткізуді ұйымдастырсын және жүзеге асырсын;

3) 1999 жылдың 5 маусымына дейін тесттен өткізудің компьютерлік бағдарламасына енгізілетін сұрақтар тізбесін әзірлесін, бекітсін, сондай-ақ тест өткізілетін мерзімдерді белгілесін және оларды тиісті мемлекеттік органдарға
х а б а р л а с ы н ;

4) оқыту мен тест өткізудің қорытындылары туралы 1999 жылдың 15 шілдесіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне хабарлайтын
б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, агенттіктерінің және ведомстволарының басшылары:

1) осы өкімнің 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік қызметшілердің сабақтарға және кейін компьютерлік тестіден өтуге қатысуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) өздері басшылық ететін мемлекеттік органдардағы осы өкімнің

2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген мемлекеттік қызметшілердің білімін тексеруді дербес жүзеге асырып, нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне 1999 жылғы 30 шілдеден кешіктірмей хабарласын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.